

**Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша
"Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы
Степногорск қаласының Жоғары колледжі" МКҚК қызметінің есебі**

Жалпы ережелер

1) "Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Степногорск қаласының Жоғары колледжі" МКҚК. Заңды мекенжайы: Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4 шағынауданы, 130 ғимарат көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер:

2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:

"Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Степногорск қаласының Жоғары колледжі" МКҚК 7 мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2023 жылы 477 мемлекеттік қызмет көрсетілді:

"Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген - 22 қызмет;

Электрондық үкімет арқылы көрсетілген - 23 қызмет;

электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер 272 қызмет;

қағаз нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер - 160 қызмет.

2022 жылы 586 мемлекеттік қызмет көрсетілді:

"Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген - 37 қызмет;

Электрондық үкімет арқылы көрсетілген - 1 қызмет;

электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер 386 қызмет;

қағаз нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер - 162 қызмет.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер көрсетіледі.

3) Аса сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау";

"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру";

"Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру";

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

1) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың және азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін арттырудың маңызды аспектісі болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидаттар негізінде көрсетіледі: көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;

мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен қағидалары орналастырылған. Басты ресми интернет ресурсында (aqmoedu.kz) көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат орналастырылған. Әлеуметтік желілердің ресми беттерінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат тұрақты негізде жарияланады. Сондай-ақ, ақпараттық стендтерде мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау туралы ақпарат.

Қазіргі уақытта заңға тәуелді құқықтық актілердің, ашық нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау интернет порталда жүзеге асырылады.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар).

2023 жылы БАҚ пен әлеуметтік желілерде 9 мақала жарияланып, 2 Тікелей эфир өткізілді. Ай сайын халықты БАҚ, көрсетілетін қызметті берушілердің интернет – ресурстары арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар ету бойынша жұмыс жүргізіледі.

3 Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет

1) Мемлекеттік қызмет көрсету процесерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

ТЖКБ-да қолданыстағы «College Smart Nation» ақпараттық жүйесі колледждердегі оқу процесін цифрлық форматта автоматтандыруға мүмкіндік

берді: талапкерлерден құжаттарды қабылдау, оқуға қабылдау, оқудан шығару туралы бұйрықтарды қабылдау; оқу бағдарламалары, журналдар.

Колледжде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар, оның техникалық жабдықтау нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келеді.

Мемлекеттік қызмет көрсететін қызметкерлердің жұмыс орындарын техникалық жабдықтау белгіленген талаптарға сай болады.

2) *Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.*

2022 жылдың желтоқсанында 4 (төрт) қызметкер мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

1) *Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.*

2023 жылы Мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымдар түскен жоқ.

2) *Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері.*

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ішкі бақылау жүргізу кезінде сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және негізсіз бас тарту анықталған жоқ.

5. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына одан әрі тиімділігі мен қанағаттанушылығын арттыру перспективалары.

Көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттанушылығын арттыру және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында 2023 жылға арналған халықты мемлекеттік қызметтер алу тәртібі мен мүмкіндіктері туралы хабардар ету жөніндегі іс-шаралар жоспары және 2024 жылға арналған Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасын сақтау мәселесі бойынша бақылау іс-шаралары бекітілді.

2024 жылы жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.